Белсенділікпен ұштасқан оқушы сеп-түрткілерінің және бір маңызды тарапы-дербестік. Осы сапаның болуынан оқушы сурет сабағынан оларды



іске асыруда үлкендер жәрдемін аса қажет етпейді. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігі өзара байланысты: белсенділігі күшті оқушылар, әдетте, дербес жұмыс істеуге қабілетті. Оқушылар белсенділігін басқару дәстүрлі белсенділік арттырудың (активизация) баламасы болған. Бұл құбылысты үздіксіз жүріп жататын оқып-үйренуге мүдделі, енжар және еліктегіш іс-әрекеттерді, ақылес жұмыс-тарындағы тоқырауды жеңуге бағдарланған пәрменді үдеріс ретінде бағалауға болады. Белсенділік арттырудағы басты мақсат-оқушылардың пәнге деген құштарлығына нәр беріп, оқу –тәрбие үдерісінің сапасын көтеру. Педагогикалық тәжірибе белсенділік арттырудың әртүрлі жолдарын пайдалануда. Олардың ішінде-оқытудың әрқилы формалары, әдістері, құрал-жабдықтары, оларды әр-қилы жағдайлардың туындауына сәйкес бір-бірімен ұштастырып, оқушылардың белсенділігі мен дербестілігіне арттыруға келесі әрекеттер тиімді:

- өзі салған сурет бойынша өз пікірін айта білу;
- шеберлігі төмен жолдастарына көмектесу.

Сонымен, қызығушылық сеп-түрткілер-бұл оқушыны оқуға, әрекет етуге, қандай да көркемдікті жасауға ықпал етуші ниеттер, себептер. Қандай да сеп-түрткілердің оқу барысында басымдылығын мұғалім оқушылардың оқуға болған қатынасынан байқайды. Сеп-түрткілер заңдылықтарын білу-көптеген мәселелерді шешудің көзі.

Әр сыныпта бірте-бірте балалардың оқуға болған қатынастарының нақты типтері ажырала бастайды. Мұғалім өз жұмысын осы типтерге сәйкес ұйым-дастыруы тиіс. Әсіресе кең белгілі болған алғашқы тип-жақсы орындаушылар. Олар оқуға өте ұқыпты, бірақ өзіндік белсенділігі кем. Мұндай оқушылардың іс-әрекетіндегі жетекші сеп-түрткі, ата-ананы қуанту, сыныпта бедел арттыру, мұғалім мадағына жету. Екінші тип-ақыл-есті белсенді тип: өз пікіріне ие, сыбыр сөзден қашады, өз бетінше іс қылуды ұнатады, күрделі тапсырмаларға құштар. Үшінші тип-қарқынды оқу жұмысына құмар балалар. Бұлар өте белсенді, тез түсінімді, ал толғауы байсалды, сондықтан өздерін бірдейіне іс қалпында сақатауға тырысады. Мұғалімнің жеке-дара қатынасын ұнатады. Төртінші тип-ақылес қабілеттері кемшін балалар. Бұл балалар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауға қиналады, көңіл-күйі ұдайы қандай да күйзелісте немесе, керісінше орынсыз сотқарлығымен көрініп қалады. Олар үшін басты нәрсе-білмейтіні немесе келеңсіз әрекетерін мұғалімнің сезбегені. Бұл жағдаяттардың себептері әрқилы: баланың дамуындағы кемшіліктер, мектеп алды дайындықтың төмен дәрежеде болуы. Ескеретін жәйт, әр сыныпта сабаққа болымсыз қатынастарының арқасында өзара біріккен балалар тобы болады. Мұндай балалар өздерінің ақылесі кемдігінен немесе тәрбие аясында тіпті болмағандығынан оқу бағдарламасын игере алмайды.

Бұдан шығаратын қорытынды: әртүрлі топтағы балалармен жұмыс істей отырып, бейнелеу өнері сабағында әрқилы мақсаттар қойып бару қажет. Тиімді оқу іс-әрекеттеріне аса мәнді келетін сеп-түрткілер балалардың ақыл-ес белсенділігіне және танымдық қызығуларына негізделуі тиіс. Оқытушының бағалай білуі мен өз-өзіне деген сенімділік, еркіндікті

меңгерген оқушы мәселелерді шешудің дәстүрлі емес жолдарын іздестіруге шебер келеді, ол құбылмалы, икемді ой толғастыруға, шығармашылық істі атқаруға қабілетті, білім арттыру жолында өз ізденістерін көбірек пайдаланады.

Әдебиеттер:

1. *Выготский Л.С. Педагогическая психология.* -М., 1996.
2. *Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы.* - Алматы: Заң әдебиеті, 2007.
3. *Дусавицкий А.К. Формула интереса.* -М., 1989.

#### Резюме

В статье исследуются проблемы интереса и мотивации к живописи у учеников начальных классов.

#### Summary

This article investigates the problem of interest and motivation of primary school students to the art of painting.

### **ДЕКОРАТИВНОЕ ИСКУССТВО В ФОРМИРОВАНИИ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ ОБ ОКРУЖАЮЩЕМ МИРЕ**

**Г.Д.Абдуллаева –**

*преподаватель кафедры «Дизайн и ИЗО» МКТУ им. К.А.Яссауи,*

**А.Садыбек -**

*преподаватель кафедры «Дизайн и ИЗО» МКТУ им. К.А.Яссауи*

Природа и человек в народном мироощущении были слиты в единое целое. Человеческое познавалось через природное, а природное - через человеческое. Животные, птицы, растения олицетворяли силы природы и служили символами, связывающими человека с окружающим миром. Мир воспринимался образно, и знание о мире выражалось в художественных образах. Художественную интуицию обостряла жизненная связь человека с природой, сформировавшая образный мир народного декоративного искусства

Исследователями установлено, что истоками возникновения древних образов народного искусства является язычество древних славян: их вера в сверхъестественные силы окружающего мира и порожденные этой верой обряды и праздники, связанные с основным занятием - земледелием. Они полагают, что идея плодородия стала основой искусства народа, занимавшегося сельским хозяйством. Отсюда объяснимо и то, что внимание и воображение художника сосредоточивалось на том, от чего изначально зависело благополучие земледельца. В соответствии с языческим

мировоззрением это были солнце со светом и теплом, земля, рождающая все, что на ней произрастает и обитает, вода, являющаяся живительной влагой, и вечно обновляющаяся природа, дающая начало всему живому. Это обусловило воплощение в произведениях народного декоративного искусства ряда традиционных образов: женской фигуры - символизирующей землю; коня - слуги небесного светила; птицы - доброй вестницы; древа жизни (дерева) - олицетворяющего вечно обновляющуюся природу. С этими образами постоянно соприкасался человек, получая возможность художественно-образного осмысления окружающего мира.

Произведения народного декоративного искусства накопили в себе убедительные свидетельства художественно-образного отражения разнообразных связей человека со всем, что окружает его в жизни. А.С.Канцедикас, исследуя возможности изучаемого искусства в отражении окружающей среды, отмечает, что оно является выражением глубиннейших представлений народа о связи человека с человеком, человека с природой, человека с миром [1].

Символика образов народного декоративного искусства складывалась постепенно и прошла большой путь в своем развитии. Каждый мотив произведений преобразовывался в той или иной исторической эпохе, отражая изменения в миропонимании наших предков. Дошедшие до нас образы содержат многократно измененную форму художественного отражения представлений человека о своей взаимосвязи с окружающим миром.

Данное явление нашло отражение и в научных исследованиях по проблемам народного декоративного искусства. Г.Вагнер пишет, что, прежде чем стать «эстетически самостоятельным» образом, мотив прошел стадии мифа, культа, символа, знака, метафоры и нередко содержит в себе несколько этих «уровней» Потребность в отражении представлений об окружающем мире в произведениях изучаемого искусства постоянно присутствовала в творческом процессе народных мастеров [4]. Тем не менее, анализ литературы по вопросам народного декоративного искусства показывает, что серьезное научное изучение его специфических возможностей в отражении окружающего мира началось сравнительно недавно - во второй половине XIX века. В.М. Василенко в связи с этим сетовал, что рассмотрение проблемы художественного осмысления действительности в опубликованных работах подменяется включением технических, экономических и исторических сведений [2].

Исключением было исследование В.В. Стасова «Русский народный орнамент». В нем интересны две идеи. Первая из них заключается в том, что изделия народных мастеров являются образцами, отражающими древние языческие представления предков об окружающем мире, вторая - состоит в том, что каждый элемент орнамента на произведениях народного искусства не содержит в себе ни одной случайной линии, что каждая его черточка наполнена своим содержанием. Орнамент, по мнению исследователя, несет в себе скрытый смысл и требует внимательного изучения.

Интерес к изучению возможностей народного декоративного искусства

в отражении окружающего мира усилился во второй половине XIX века и достиг своей кульминации в конце XIX - начале XX века. Это явление объясняется двумя причинами. Первая обуславливалась энергичными попытками части интеллигенции сохранить народное искусство, начавшее угасать в результате бурного роста кустарной промышленности. Вторая была вызвана модернистскими притязаниями некоторых деятелей искусства на создание нового художественного стиля. В результате этого возникли два разных подхода к использованию традиций народного искусства.

Изучением, сохранением и дальнейшим развитием традиций народного декоративного искусства, используемых мастерами в отражении окружающего мира, занимались в известных художественных центрах России, в том числе и Казахстана. Разный подход к освоению художественного наследия народа, осуществляемый в этих центрах, обусловил противоречивые результаты.

В Абрамцевских мастерских, напротив, предпринимаемые попытки придать мощный импульс сохранению народных традиций в отражении окружающего мира путем их современного интерпретирования долгое время были результативны. Более того, при поддержке С.Мамонтова процесс поиска получил отражение на страницах уважаемого журнала «Мир искусства» [3].

На рубеже XIX-XX веков в Абрамцево родилось направление, ставшее широко распространенным. Активным его создателем была художница Е.Д. Поленова.

Важную роль в научном изучении возможностей народного декоративного искусства в постижении окружающего мира сыграла работа В.А. Городцова «Дако-сарматские религиозные элементы в русском народном творчестве», вышедшая в свет в 1926 году. В ней обращается внимание на необычные сюжеты русских вышивок. Автор приходит к выводу, что они имеют древнее происхождение. Он смог найти объяснение смысла языческой богини с двумя всадниками - сопутствующими, но подчиненными ей божествами по сторонам. Исследователь связал эти мотивы с религиозными представлениями предков об окружающем мире, запечатленными в художественной форме[5].

Исследование А.К.Чекалова «Основы понимания декоративно-прикладного искусства» посвящено рассмотрению общих проблем декоративно-прикладного искусства. Тем не менее, его положения применимы и для определения специфики средств народного декоративного искусства. Важным моментом работы А.К. Чекалова являются мысли автора о том, что художественной является та вещь, которая не только практически целесообразна, но и обладает, кроме того, образным смыслом. Автор также указывает путь усиления эмоциональной выразительности содержания произведения через обращение к иносказательности (метафоре) - уподоблению предмета животному существу или растению. Он также подчеркивает роль материала в создании художественной выразительности предмета, определении его конструктивной формы, единства декора с

материалом, формой и функцией изделия [6].

Осмысление специфики народного декоративного искусства нашло отражение в наследии К.Ералина. Идеи, изложенные ученым, позволяют понять, что реалистическая правдивость требует, чтобы предмет ясно говорил своим внешним видом как о своем назначении, так и о технике своего изготовления, был «сам собою» по форме и по материалу, не принимал не свойственных ему формы и вида. Этим требованиям в полной мере, по убеждению автора, отвечают произведения народного искусства: деревянные ковши-скобкари, глиняные кувшины-бараны и т.п.

Ученый указывал, что вещь становится произведением, когда приобретает выразительность более глубокую, чем просто выявление своего функционального назначения. Выразительность, по мнению К.Ералина, есть необходимое условие художественности. В подлинно художественном произведении должны согласовываться и связываться между собой назначение, конструкция, форма, материал, цвет, украшение.

К.Ералин считает, что отрицать образное отражение окружающего мира в прикладном искусстве - значит не считать его искусством. Образ отражает типичное из окружающей действительности через индивидуальное отражение в произведении. Образу часто свойственна символичность. Символ не копирует действительность, а лишь ее обозначает условно. Образная природа прикладного искусства с большой силой и ясностью выражается в народном творчестве[7].

М.А. Ильин в ходе дискуссии выступил против сохранения семантики в народном декоративном искусстве: она казалась ему антиисторичной, не способствующей необходимости современного мировидения и миропонимания, якобы уничтожающей отражение в творчестве народных мастеров происходящих изменений в жизни.

Позиция М.А. Ильина вызвала несогласие других авторов, хотя она до известной степени совпала с мнением Г.Вагнера, полагавшего, что в народном творчестве уже отражены представления об окружающем мире, имевшие место в XVIII-XIX веках. Но, несмотря на это, взгляды двух исследователей не были одинаковыми. Г.К. Вагнер полагал, что новое содержание представлений мастеров об окружающем мире все же удерживало самое значимое от мировосприятия и миропонимания предков, отразившееся в образах древнего искусства. Он отмечает, что они устояли перед всеразрушающим действием столетий, в них закреплены самые непосредственные, а поэтому и самые фундаментальные представления о вечном порядке и гармонии мироздания, о незыблемости круговорота жизнедающих сил природы. Такие образы, по убеждению Г.Вагнера, можно с полным основанием назвать концептуальными[8].

Другие исследователи в ходе дискуссии высказывались за несомненное присутствие в народном декоративном искусстве древних образов, признавая за ними способность, отражать представления автора об окружающем мире. Например, И.Я.Богуславская отмечала, что сочетание древности и современности было своего рода законом развития народного искусства [9].

И.П.Работнова отмечала многозначность и многофункциональность образов народного искусства, указывала на изменение доминант их содержания на разных этапах развития[10].

Завершая дискуссию, Х.Тастемиров констатировал, что древняя семантика образов народного декоративного искусства эволюционировала как в художественном своем выражении, так и в своем содержании, отражая уже иные взгляды народа, приобретая новое значение и новую символику [11].

И все-таки дискуссия о семантике образов народного искусства не выявила сущность самого понятия «народное искусство» и не определила четко комплекс его средств. Между тем данный вопрос имел важное методологическое значение. Отдельные авторы научных публикаций пытались определить содержание понятия «народное искусство», не разработав теоретически критерии его специфики.

Проблема народного искусства как особого типа художественного творчества была успешно разрешена на теоретическом уровне искусствоведам М.А.Некрасовой лишь в середине 80-х годов XX века. Занимаясь изучением народного искусства, она приходит к выводу о том, что предпосылкой его существования и развития в современных условиях является не утилитарная функция, как это было принято считать ранее, а духовная[12].

В качестве главных принципов существования этого искусства искусствовед определяет вариацию и импровизацию традиционного образа. В этом заключается его принципиальное отличие как коллективного творчества от индивидуализированного творчества в профессиональном искусстве, где первоэлементом является принципиально новая художественная идея.

Искусствовед К.Ералин указывает различия в отражении окружающего мира в профессиональном и народном искусстве. Первое отличие состоит в том, что в профессиональном искусстве автор выражает свое отношение к окружающему миру отчуждаясь от общего, тогда как в народном искусстве создатель вещи-произведения выражает свое отношение к окружающему миру через растворение себя, в общем[7].

Второе отличие, по убеждению автора, заключается в том, что в профессиональном искусстве художник противопоставляет себя школе, стремясь к индивидуальному выражению личного отношения к окружающему миру. Народный же мастер, напротив, сливается со школой при выражении своего отношения к окружающему миру.

Третье отличие, определенное М.А. Некрасовой, указывает на то, что профессиональный художник всегда преодолевает канон, а народный мастер, наоборот, постоянно придерживается его.

Четвертый отличительный признак профессионального искусства выражается в его стремлении к оригинальности, неповторимости художественного отражения окружающего мира, в то время как народное искусство традиционно наследует коллективно разработанные образы, несет

единый образ мира через личное варьирование образа.

Пятое отличие двух типов художественного творчества заключается в том, что в профессиональном искусстве национальное своеобразие часто не выражается. В творчестве народных мастеров этническое ядро их художественной культуры всегда сконцентрировано, оставаясь воплощением надындивидуальных и наднациональных признаков.

Последнее, шестое отличие профессионального и народного искусства состоит в том, что профессиональное искусство является изменяющимся идеологическим отражением окружающего мира в каждую конкретную эпоху, народное искусство, в противоположность ему, обладает всечеловеческим вневременным универсальным языком образов, формирующим вселенское, космологическое ощущение окружающего мира[7].

Итак, выполненный анализ научных работ в области археологии, истории, этнографии, искусствоведения, эстетики позволяет сделать вывод о том, что народное декоративное искусство обладает значительными возможностями в формировании представлений об окружающем мире.

#### Литература:

1. Канцедикас А.С. *Шедевры еврейского искусства: В 3-х кн. Книга 1. Бронза.* – М.: Имидж, 2000. - 320 с.
2. Василенко В.М. *Народное искусство первой половины XIX века.*— «История русского искусства», т. VIII, кн. вт. - М., 1964.
3. Цит. по ст.: Арзуманова О.И. *Усадьба при Мамонтовых.* / Путьеводитель "Абрамцево" - М.: Изобразительное искусство, 1988. - С. 85.
4. Вагнер Г.А. *Научные методы датирования в геологии, археологии и истории (Age Determination of Young Rocks and Artifacts: Physical and Chemical Clocks in Quaternary Geology and Archaeology)* ТЕХНОСФЕРА. – М., 2006. - 575 с. ISBN 5-94836-037-7.
5. Городцов В.А. *Дако-сарматские религиозные элементы в русском народном творчестве // Труды ГИМ.* - М., 1926. - Вып. 1. - С.7-36.
6. Чекалов А.К. *Основы понимания декоративно-прикладного искусства.* - М., 1962; Magne L., *L'art appliqué aux métiers*, v. 1—8, P., 1913—1928.
7. Ералин Қ.Е. «Болашақ, бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындау барысындағы сәндік қолданбалы өнер пәнінің мазмұнын анықтау». Т.Қ. Жүргеновтың 110 жылдық мерей тойына арналған дәстүрлі халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына жіберді. 24-25 сәуір. – Алматы, 2008. - 46-47 б.
8. Ильин М.А. *Москва. Памятники архитектуры XVIII - первой трети XIX в. / Moscow. Monuments of Architecture. 18th - the First Third of the 19th Century.* 1975 Издательство: Искусство, 1975 г. Коробка, 470 стр.
9. Богуславская И.Я. *Проблемы традиций в искусстве современных народных художественных промыслов // Сборник статей.* – Л.: Издательство "Художник РСФСР", 1981.
10. Работнова И.П. *Русская народная одежда.* – М.: Легкая

*индустрия, 1964. – С.75.*

11. *Тастемиров К., Кузин В.С., Белицкая А.П. Французская живопись середины XIX - начала XX века: несброшиурованный альбом.- М.: Советский художник, 1989. - 24 отд. л. в обл.*

12. *Некрасова М.А. Народное искусство как часть культур. - М., 1983.- 343 с.*

### Түйін

Автор мақалада қоршаған орта мен әлемді тануда сәнді қолданбалы өнердің жастардың түсініктерін жан-жақты қалыптастырудың бірден бір құралы екенін сөз етеді.

### Summary

In this article, the author deals with decorative art in the formation of predstovlenij students and young people about the world.

## **ЙОЗЕФ ГАЙДН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕВРОПАЛЫҚ СИМФОНИЯЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ЗОР ҮЛЕСІ**

**С.А.Ермекова -**

*ҚазҰПУ-ң көркем сурет факультетінің «Бейнелеу өнері, музыка және хореографияны оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушысы*

Симфониялық-соната циклінің іргетасын қалаушы, атақты вена классигі Австрия композиторы Йозеф Гайдн аса бай шығармашылығымен ерекшеленеді.

Йозеф Гайдн 1732 жылы 1 сәуірде Төменгі Австрияның Рорау атты деревнясында дүниеге келген. Әкесі көлік жасаушы (каретник), ал шешесі аспазшы болған. Жас баланың ата-анасының да музыкалық дарыны өте жоғары еді. Әкесі Матиас Гайдн үйінде жиі концерт қоятын, ол кісі өзінше арфа аспабында сүймелдеп ән салатын.

Жас Гайднның музыкалық дарынын алғаш байқаған мектеп оқытушысы және шіркеу регенті Франк. Ол баланы Дунай жағалауындағы Гайнбург атты кішігірім қалаға алып кетіп, сол жерде шіркеу хорында ән салдыртып, нотаға, скрипка және клавесин аспабтарында ойнауға үйретеді. Оқуы үш жылға созылады.

Бір күні вена композиторы, капельмейстер Георг Ройтер өзі жетекшілік ететін ұлдар хорына жас әншілерді алу мақсатымен Гайнбург қаласына келеді. Ройтер Гайдннің әсем дауысын ұнатып, оны өзімен Венаға алып кетеді. Ол жерде Гайдн әулие Стефанның соборының хорында ән айтады.

Гайднның бұл қызметі өте ауыр еді: бала күн сайын ұзаққа созылатын шіркеу қызметіне араласып, үлкен дайындылықпен көптеген сарай мерекелеріне қатынасуы керек еді. Оқуға тым аз уақыт қалатын.



Ройтердің өзі Гайдннің алғашқы композиторлық тәжірибесіне өте аз уақыт бөлетін, негізінен оның осы пәннен нағыз дарынды оқытушысы болмаған. Жас бала алғырлығының арқасында, оның үстіне полифониялық музыка орындауға өзі қатысқандықтан, композиторлық өнерді бірден меңгеріп кетті. Венаның аса бай музыкалық мұралары да жас композиторға үлкен әсер еткен.

Басыбайлы жас Гайдн ақсүйектерге тамақ тасып жүріп көптеген композиторлардың симфониялары мен увертюраларын тыңдаған.

Әулие Стефан соборындағы қызметінің соңғы жылында /1745/ туған інісі Михаэль Гайдн да осы мектепке оқуға түседі. Кейін ол /Михаэль Гайдн/ атақты композитор болып, неміс композиторы К-М Вебердің оқытушысы болады. Йозеф Гайдн інісін өзі дайындайды[1,2].

Балалардың мектептегі өмірі өте қиын еді: кішкентай қателігі үшін оларды қатты ұратын. Ал олар дауыстары өзгертін жасқа жеткенінде, оқудан бірден шығарылатын. Бұл жәйт Гайдннің басына да түсті.

Сол жағдайдан кейін Гайдн Венаның көшелерінде қаңғып қалды, бірнеше рет далада түнеп шықты. Баспанасыз қиналып жүрген жас жеткіншек ойламаған жерден бір досымен кездесіп қалады. Соның көмегімен бір үйдің шатырының астынан кішкентай бөлме тауып алады. Нан табу мақсатымен шіркеу органисі қызметіне орналаспақ болып көп жерді аралайды. Бірақ оның бұл әрекеті іске аспайды. Сондықтан, кейде азғантай ақша үшін сабақ беруге мәжбүр болады.

Жайсыз, суық бөлмеде тұрып, Гайдн көп жұмыс істеген: скрипкада, клавибордта ойнап, музыка теориясы жөнінде кітаптар оқыған, көптеген композиторлардың шығармашылығын зерттеген. Оның жарқын шығармаларының тууына әсіресе Филлип Эммануил Бахтың клавирлік сонаталары ерекше әсер еткен.

Өміршең, жайдарлы мінезді Гайдн ешқандай қиындыққа мойымайтын әрі ешнәрсеге қайғырмайтын. Достарымен бірге ойнап жүріп, түнгі серенадаларға қатынасатын. Немістің би әуенін көп орындағандықтан Венаның халық музыкасымен кеңінен танысады. Күндердің күнінде /1751/ Гайдннің түнгі серенадасын актер Курц естиды. Курц оған музыкалық комедия /зингшпиль/ жазғызу үшін келісімге келеді. Зингшпиль дегеніміз немістің комедиялық операсы. Мұнда музыкалық номерлер сөздермен араласып отырады. Сонымен Гайдннің алғашқы зингшпильі Вена театрында қойылып, тыңдармандар назарына ілігеді. Өкінішке қарай, бұл туындының ноталары сақталмаған.

Композиторлық техникасын одан әрі дамыту үшін, Гайдн итальян әншісі, композиторы әрі оқытушысы Никколо Порпорамен танысып оған қызметке кіреді. Ол тек концертмейстер ретінде ғана емес, үй қызметшісі де болып қабылданады. Бұл музыкантпен танысу Гайдн шығармашылығына өте жақсы әсер етті.

1755 жылы Гайдн Фюрнберг деген помещиктің үйінде өткен музыкалық топтың жұмысына қатынасады. Фюрнберг аса дарынды, ғылыми дәрежесі жоғары адам болғандықтан, өз үйінде жиі-жиі шағын концерттер

ұйымдастырған. Фюрнберг Гайднды квартеттерде скрипка партиясын орындаушы музыкант етіп шақырады. Бұл Йозеф Гайдннің жағдайын анағұрлым жақсартты, өйткені мұндай концертте өнер көрсеткен кәсіби музыканттарға арнайы жалақы төленетін. Оның үстіне бұл жас талант шығармашылығының одан әрі дамуына барынша ықпал етті. Өйткені, Гайдн музыкалық топқа арнап 20-дан астам квартет жазып шығарған, бұл жас композитордың аспаптық музыкадағы алғашқы қадамы еді. Квартеттерінде өзіне тән шығармашылық стилі айқындала бастады: жарқын жайдары юмор, Австрияның көп ұлтты фольклорлық музыкасының әсем әуендері, өмірлік дүниетаным мен образдардың шыншылдығы [1,2].

1759 жылы Фюрнбергтің қолдау қағазымен Гайдн Максимилиан Морцин деген чех графының сарайына капелмейстер қызметіне алынады. Оның Чехиядағы Лукавец қаласында кішігірім капелласы болған. Сол капеллаға арнап Гайдн, негізінен, көңіл көтеретін дивертисменттер шығарған. Сонымен бірге дәл осы жылдары ол алғашқы симфонияларын жазады. Симфонияларында композитордың стиліне тән новаторлық пен шеберлік әлі ашылмаған еді, бірақ дәл осы музыкалық жанр кейін Гайднның шығармашылығының шыңы болды.

Граф Морцинде екі жыл қызмет істеп, Гайдн 1761 жылы венгр князы Эстергазидің капелласына қызметке орналасады. Гайдн 1791 жылға дейін 30 жыл бойы осы капелланы басқарады.

Эстергазидің капелласы оның резиденциясында Вена қасындағы венгер қалашығы Эйзенштадта болған. Алғашқыда бұл капеллада 14 адам-ақ болған, бірнеше әншілер мен органисті санамағанда, оның құрамына 4 скрипка, альт, виолончель, контрабас, флейта, 2 гобой, 2 фагот пен 2 валторна кірген.

Гайднның мойнына әртүрлі міндеттер жүктелген, олар Эстергазидің шарт қағазында жазылып, оған екі жақтың қолы қойылған еді. Бұл шарт қағазы, негізінен қызықты тарихи құжат болып саналады. Өйткені ол 18 ғасырдағы феодал-абсолюттік заманының үстем тап өкілдеріне қызметке тұрған музыканттардың әлеуметтік хал-жағдайын көрсетеді. Осы құжатқа қарағанда, Гайдн қожайының бұйрығымен өзіне керекті мерзімге, мысалы қонақтар келетін күні симфония, квартет немесе месса және тағы да көптеген шығармалар жазуы керек еді; капелламен жаңа шығармаларды жаттап, керекті күні оларды орындап беруі керек еді; жұмысқа тек қажетті ресми киіммен келу: алтынмен тігілген қамзол, ақ шұлық пен парик; күн сайын князьдің қабылдау бөлмесінде тұрып оның бұйрығын күту; капелладағы тәртіпті қатаң қадағалау, кешіккен музыканттардың аттарын жазып, тіркеу; музыкалық аспаптар мен ноталарға жауап беру; әншілерге сабақ беру және тағысын тағылар. Оның үстіне капелмейстер қожайының қызметшісі ретінде ұсталатын.

Мойнына жүктелген жұмыстарына қарамастан, Гайдн көп шығарма жазған. Эстергазиде қызмет еткен алғашқы жылдарда жазған үш симфониясын атап айтуға болады: «Таң» / «Утро»/, «Түс» / «Полдень»/, «Кеш» / «Вечер»/. Гайднның музыкалық тіліне тән ерекшеліктер осы симфонияларында айқын көрінеді: халық музыкасының негізі, тематикалық

және динамикалық қарама-қарсылық, әуендердің әсемділігі.

Кәрі князь Павел Антон Эстергази қайтыс болысымен, еркетотай болып өскен ұлы Николай Эстергази Франциядағы атақты Версаль сарайының ақсүйектері сияқты өмір сүруді көкседі. Ол Эйзенштадтың қасындағы төменгі Венгрияда әшекейлі сарай салғызып, оның қасынан – опера және қуыршақ театрларын тұрғызады және капелланың санын 25 адамға дейін көбейтеді. Бұл жазғы сарайға «Эстергаз» деген атау берілген. Николай Эстергазидің үйінде музыка ең маңызды рөл атқарғандықтан Гайдн өте көп еңбек етуге мәжбүр болады. Ол симфониялар, мессалар, квартеттер, опералар және қуыршақ театрына арналған музыка, баритон аспабына /виолончельге ұқсайтын аспап/ арналған шығармалар жазған. Кейде ол князьбен бірге Венаға барып, өзінің симфонияларына дирижерлық жасаған. Бірақ Гайднның басыбайлы өмірі оған көптеген қиыншылықтар әкеледі. Ол туралы Гайдн достарына: «...Міне, мен өз шөлдаламда жалғыздықта отырмын... иә, құл болу өте қиын екен...» деп жазған[3,4].

Гайдн князьдың дөрекі мінезінен қорлық көрумен қатар, оның таяз ойлы, музыкадан мүлдем бейхабар әйелінен де көп жапа шегеді. Бұл жағдай композитордың тағдырын одан әрі қиындатады. Соның салдарынан Гайднның музыкасы алғашқыда өте көңілді, жайдарлы болғанымен, 70 жылдардан кейін өзгеріп, мұңлы, трагикалық мінездемеге тола бастайды. Мұндай туындыларға «Азалау симфониясы» мен «Қоштасу симфониясы» жатады.

Оның 1772 жылы жазылған «Қоштасу симфониясын» шығармашылығының алғашқы кезеңінің ең көрнекті туындысы деп санауға болады. Қалыптасқан 4 бөлімнен тұратын классикалық симфонияның құрылысы, бұл туындыда өзгертіліп, 5 бөлімге дейін өседі. Симфония жағылған май шамымен орындалады. Ең соңғы бөлім орындалғанда, музыканттар өздерінің шамдарын сөндіріп, шыға беретін /бірінші валторна, сосын гобой т.т./, ақыры екі скрипкашы қалып, симфонияны мұңды әуенмен аяқтайды. Егер Гайднның алғашқы симфониясы «ля мажорда» жазылса, бұл шығарма «фа диез минорда» жазылған.

80 жылдары Гайдн шығармашылығы шеберлік шыңына жетіп, композиторлық стилі толығымен айшықтала бастайды. Бұл кездегі Гайднның ең атақты шығармаларына «Париж симфониялары» жатады /1786/. Олар алғаш Парижде Госсектің жетекшілігімен орындалған. 1788 жылы Гайдн ішекті және балалар аспаптарына арнап «Жас өспірім симфониясын» /«Детская симфония»/ жазады. Дәл осы 10 жылдықта Гайдн Моцартпен достасады. Моцарт Гайднның шығармашылығын өте жоғары бағалаған. Ол Гайднды өзінің рухани ұстазы ретінде санаған еді, Гайдн да Моцартты аса дарынды музыкант деп түсінген.

90 жылдар Гайднның өміріне аса көп өзгерістер әкеледі. 1791 жылы келісім шарт бойынша антрепренер және скрипкашы Петер Саломонның шақыруымен Лондонға барып, бірнеше концерттерге жетекшілік жасап, опера және 6 жаңа симфония жазуы керек болды. Бұл 60 жастағы Гайднның өміріндегі ең бірінші алыс сапары тұғын.

Бұл сапар Гайдн үшін де, оның шығармашылығы үшін де сәтті сапар болды. 1790 жылы қартайған Николай Эстергази қайтыс болады, ал оның баласының /Николай/ музыкаға деген ынтасы болмаған. Сондықтан, ол бүкіл капелланы ыдыратып жібереді. Гайдн аяқ астынан басыбайлылықтан құтылып, қағаз бойынша ғана капельмейстер болып саналып, жалақысын ала берген. Лондонда ол бір жарым жыл тұрып, өзінің симфонияларына жетекшілік жасаған.

Англияның астанасында Гайдн жаңа, өзіне жат қоғаммен танысады. Феодалдық-абсолюттік Австрияға қарағанда, Англия капиталистік жүйеге көшіп, оның орталығы Лондон аса ірі қалаға айналған. Бұл жәйт Лондонның концерттік өміріне де үлкен әсер еткен. Бұл қалада тек сарай аристократтарына арналған концерттерден басқа, демократтық тыңдармандар үшін төлемді концерттер ұйымдастырылатын. Осындай жағдай, Гайднға жаңа талаптар қоя бастайды. Лондондық оркестрге жетекшілік жасағандықтан, композитордың аты көпшілікке мәлім болып, шығармашылығы жоғары хошеметтеле бастайды. 1794 жылы ол екінші рет Лондонға барып, қалада тағы да бір жарым жыл тұрады. Осы жылдары ол атақты лондондық 6 симфониясын жазады. Оксфорд университеті Гайднға музыка докторы атағын ұсынғандықтан, композитор бұл атақты оқу орнына өзінің «Оксфорд симфониясын» арнайды /1788/.

Венаға оралғаннан кейін, ол өзінің кәрілігіне қарамастан, көптеген квартет, трио, соната, мессалар және әндер шығарады. Бірақ ең ірі монументальды шығармалары оның атақты ораториялары болып шықты, олардың қатарына: «Әлем жаратылысы» 1799, / «Сотворение мира»/, «Жыл мезгілдері» 1801 / «Времена года»/ жатады. Лондондық сапары кезінде, Гайдн Гендельдің ораторияларын тыңдап, олардан үлкен әсер алған болатын. Ораторияларында Гайдн Гендельдегідей батырлықты емес, адамгершілік пен адам бақытын және өмір сұлулығын суреттен. Осы ораториялар орындалғанда, веналық тыңдармандар қатты әсер алатын болған. 1802 жылы «Әлем жаратылысы» / «Сотворение мира»/ ораториясы Петербург қаласында орындалды. 1802 жылдан кейін Гайдн ешбір жаңа шығарма жазбаған. Оның негізгі себебі сол кездегі Еуропада кенет өзгерген саяси жағдайға байланысты еді. Наполеонның Еуропа елдеріне шапқыншылығы, әртүрлі революциялық өзгерістер кәрі композитордың санасы мен жанына мүлдем жақпады. Оның шығармашылықтағы тоқырауы ең біріншіден осы жағдайларға байланысты еді /3,4/.

Композитор Гайдн 1809 жылы 31 мамырда дүниеден өтеді. Өмірінің соңғы жылдарында жазған туындылары вена классикалық мектебінің ең үлкен жетістіктері санатындағы музыка өнерінің асыл мұрасы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Галацкая В.С. Музыкальная литература зарубежных стран. Вып. 1. – М., 1978.
2. Гивенталь И.А., Гингольд Л.Д. Музыкальная литература. - М., 1976.

3. Келдыш Ю.В. Музыкальная энциклопедия. Т. 1. - М.: Советская энциклопедия, 1973. - 1070 с.

4. Конен В.Д. История зарубежной музыки. Вып.3. Германия, Австрия, Италия, Франция, Польша с 1789 года до середины XIX века. – М., 1976.

#### Резюме

Данная статья посвящена жизненному и творческому пути выдающегося композитора эпохи классицизма Йозефу Гайдну, а также художественным особенностям произведений великого мастера.

#### Summary

The article is about the life and creative path of the outstanding Avstriancomposer Josef Haden.

## ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯ

**Ж.Б.Кунусбаева, Б.С.Жетпісбаева –**

*«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3 курс студенттері*

Ғасырлар қойнауынан қазіргі кезге дейін жеткен тастағы таңбалар мен текеметтегі оюлар қазақ халқының рухани байлығының бедерлі көрінісі. Қазақ тілінің құрамы дүниежүзілік тілдермен салыстырғанда жетінші орында, ал әсемдігімен үшінші орында тұрса, қазақ көркем бейнелеу өнері де басқа халықтардың өнерлерін басып озбаса, қалыс қалмайды. Оны әлемдік мәдениетке үлгі болған «Алтын адам» бейнесін айтып мақтан етете аламыз.

Қазіргі уақытқа дейін тасқа қашалып, теріге өріліп, киізге басылып жеткен рухани-материалдық құндылықтарымызда қазақтың мінез-құлқы мен тарихын, мәдениеті мен ділін тани аламыз. Адамды адам ететін де, ұлтты ұлт ететін – өнері. Рухани байлықтың қайнар көзі де - өнерде. Қазіргі кезде қазақ бейнелеу өнерін егжей-тегжейлі зерттеп, оның тарихы мен мәніне үңілу қазақ халқының «Менін» тануда, оның дүниежүзілік өркениеттегі орнын белгілеуде қосар үлесі мол.

Ерте кезден бастап ата-бабаларымыз осы бейнелеу өнеріне өте жақын, сонымен бірге біте қайнасып келе жатыр десек артық айтпаспыз. Әжелеріміз кезінде киім-кешек, үйдің іші-сыртын безендіруге керемет-керемет оюлар ойлап тауып, аталарымыз сонау ерте заманды айтпағанда киіз үй мен ертұрман, зергерлік бұйымдардың неше түрін ойлап тауып, соларды әшекейлеуі тіптен керемет. Осы ата-бабаларымыздың ертұрманына, сырғағы мен текеметіне, сандығы мен кебежесіне қарап өнердің нағыз өресі болғанын білеміз. Алғашқы дизайнерлік шешімдердің үй тұрмысында қолдануы біздің ұлы шеберлерімізден бастау алғанын мақтанышпен айтуымызға болады. Қазақтың кез келген оюын алып қарасаңыз қайталанбас керемет туынды. Бір оюы біріне ұқсамайтын қазақ халқының төл

туындылары. Кезінде қазақтың тума талант суретшісі Әбілхан Қастеев атамыздан сурет салуды қайдан үйрендің дегенде – «ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, таудың жотасынан үйрендім» деген екен.

Міне, осыдан қарап-ақ қазақтың, қазақ даласының өнерге тұнып тұрғанын көреміз, қазақтың әрбір тасында сурет, тауында құдірет бар екенін байқайсың. Қазіргі кезде де осы ата-баба жолын жалғастырып, дамытып, өнердің өресіне шықсам екен деп ұмтылып жүрген жастар баршылық. Әлі де сондай қас таланттардың ұрпақтан-ұрпаққа өнерді жалғастырарына сөз жоқ сенеміз. Бейнелеу өнерінің құдіреті туралы айтар болсақ адам ойының канаты, жігер мен қайрат берер оты, адам жанының тазалығы осында.

Күллі Қазақстан халқымен бірге мәдениет пен өнер қайраткерлері өздерінің бар күшін, жігерін, бар талантын Отанымыздың өркен жайып, гүлдене түсуі жолындағы ұлы да ізгі мақсатқа жұмылдырып, шынайы шығармашылық шабытпен еңбек етуде. Көркем сөз, сан құлпырған бояу ажары, тасқа жан бітіргендей, шеберлік үйлесімді үн сазы замандастарымызға шабыт беретін, біздің ұрпақ туралы, біздің заманымыз туралы, оның толғаныс тебіріністері мен жеңіс табыстары туралы жан мен жүрек естеліктерін келешек ұрпақтарға жеткізетінін біз жақсы білеміз[1].

Қазақстанның өнер шеберлері өскелең мәдениетіміздің мәртебесін биіктетіп, оған қомақты үлес қосуда.

Қазақстан өнері жыл сайын жаңа қырымен жарқырай көрініп дамуда. Біздің әріптестеріміздің, музыкаттарымыздың, суретшілеріміздің, кино шеберлерінің есімдері халықаралық аренада да кеңінен таныла бастады.

Халық өміріндегі елеулі оқиғаларға зерделі назар аударып отыру, олардың мәні мен мағынасын көркем пайымдап, образды түрде шеше білуге ұмтылыс – суретшінің әрдайым алға қойып келе жатқан басты мақсат-мүдделерінің бірі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, бейнелеу өнерінде де белгілі бағыттарда шығармашылық ізденістер жасаған суретшілеріміз жаңа шығармашылық табыстарға қол жеткізе бастады [1].

Қазақ суретшілері егемендігімізді алғаннан бастап жаңаша шығармашылық бағыт іздеді. Осы кездерде Қазақстанның бейнелеу өнері жаңа үш бағытта дами бастады: символикалық (француз тілінен аударғанда - *symbolisme*, грек- *symbolon*— таңба, белгі), концептуалдық тәсіл (*латын тілінен аударғанда- conceptus — ой, елестету*), жаңа реализм (*латын тілінен аударғанда realis - шынайы*)[2].

Бейнелердің байлығы, олардың мифологиялық мәні, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттардың тәжірибиесі, дәстүрлі мәдениеттің трансляция талабына жауап береді.

Осы салада жұмыс істейтін суретшілерді тақырыпты таңдау ғана біріктірмейді – олар өздерінің ұлттық тамырларына терең бойлай түсу үшін тарихшылардың ұқыптылығымен ежелгі тарихты, тұрмысты, фолькорды, мифологияны зерттейді.

1990-шы жылдардан бастап көшпенділер мәдениетіне деген қызығушылық тіптен күшейе түседі. Бір топ кескіндемешілердің

интеллектуалды ізденістері ежелгі артефактілерін және барлық тіршілік иелеріне онтологиялық өлшемді дәстүрлі мәдениет деңгейіне дейін көтеріледі. Олар: Ағымсалы Дүзелханов, Ерболат Төлепбай, Жұмақын Қайрамбаев, Манат Қаспақ, Досбол Қасымов және т.б. суретшілер болатын. Оларды дәстүрлі мәдениеттің тамырларынан қайнап келетін тақырыптар мен бейнелер толқытатын, кейде кейбір жұмыстар өзінің сюжеті бойынша жалпылаудың, түсінудің және типтеудің философиялық деңгейіне жақындай түсетін шығармаларына ішкі тереңдік және ойдың кеңдігі, мазмұндық және түрлік нақтылық сипаты.

Е. Төлепбаевтың рухани дүниесі – қазақ өнерінің қазіргі тынысының көрінісі. Жаңа ғасырдың күрделі суреткері. Көркемдік қабылдау түйсіктерін өнер игілігіне айналдыра білді. Өнер үрдістерінің барлығы көрініс тапқан реализмнің тізгінін ұстана отырып сюрреализм бағытының қыр-сырын ашуда абстракттық мәнерге барды. Оның туындыларында шартты кезеңдер анық көрінеді. Ерболат Төлепбаевтың шығармалары адамға айрықша әсер етеді. Оның суреттері бояу, кеңістік, ырғақтың ойнауы арқылы санаға тікелей ықпал етеді. Суретші туындыларынан уақыт тұтастығы қамтылған өткен шақ, бүгінгі күн мен болашақтың фантастикалық – символикалық әрекетін тануға болады. Талғам – бүкіл өмірдің дамуымен және сол өмірдегі жеке суретшінің дамуымен жарыса дамып, қатар қалыптасады. Ерболат Төлепбаев есімді дарынды суретшінің бірқатар көркем шығармалары туған жер табиғатына арналған. Әсіресе «Зымыраған балауса шақ», «Дала гүлдері», «Тал түс», «Әжем және мен» деген картиналары мамандар тарапынан лайықты бағасын алып, жас суретшінің өнер әлеміндегі қолтаңбасын айқын аңғартты. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан суретші Ерболат Төлепбаевтың творчествосы өзінің сан қырлылығымен, қай тақырыпты болсын ауқымды да терең қамти білуімен ерекшеленеді. Е. Төлепбаев – күрделі суретші. Біртұтас ұғымды құрайтын адамдар жеке дарын – қабілетінің қайталанбас биік мәнін таба білген көркем туындылары көрерменіне күшті әсер етті. Суретші өз халқының жарқын өмірін классикалық тұрғыда бейнеледі[3].

Досбол Қасымов өнердің шынайы пәні ретінде қабылдап фольклорлық мифологиядан шығармашылық қуат алды. Суретшіден көрінетін бейнелерді нәзік қабылдай білу байқалады, әсіресе, ол «Қыз бен тазы», «Ұлымның портреті», «Алтын белбеулі қыз» «Жанасу» және т.б. портреттер галереясынан айқын көрініс береді.

Дала – Талғат Ысқақов, Қазыбек Әжібеков, Ербол Хамиров және т.б. Суретшілерде табиғатты бейнелеуде және оның ғаламмен қатысында өз символикасы бойынша универсумға дейін көтерілген сүйікті объекті болып табылады. Қазақтың жүрегіне сүйкімді және жақын кең жазира сезімі, даланы шексіз және мәңгілік ұғымдарымен сәйкестендіреді. Осы шетсіз және шексіз кеңістіктің алдындағы қорқыныш, далалықтың дүниеге көзқарасында орын алмайды. Ол Қазақстандық суретшілердің полотналарында ұлы және монументалді кейіп көрініс береді. Талғат Ысқақов – поетикалық және романтикалық түрде Даланы жырлайды. Оның полотналарында ол біресе күміс түсті акселеудей жайқалады, кейде таң шапағындай қызара түседі, ал

бірде нәсерді күткендей мүлгі қалады. Суретшінің политрасы әр уақытта ұстамды, сабырлы және біркелкі келеді. Оның картиналары сыртқы эффектiге арналған емес, олар белгiлi бiр көңiл-күй, еске алуды, ассоциацияны шақыратын сананың астары деңгейiне ықпал етедi.

Тағы да бiр суретшiнiң жақсы көретiн тақырыбы ландшафт, заңғар – таулар бейнесi. Әсiресе шығармашылығының барлық жанрларында: кескiндеме, акварель, көркем фотографияда оларды ақынжандылықпен суреттеген Андрей Старков болып табылады.

Қазақ суретшiлерi көбiнесе күнделiктi өмiрдi салттау – түр жасаушы қасиет және кәдуүлгiлiк пен сакралдылықтың, уақытшалық пен мәңгiлiктiң арасындағы параллель жүргізуге тырысу ретiнде көрiнiс бередi. Өмiрдi жүйелi, әмбебапты түйсiнуге деген сана астары деңгейiндегi қажеттiк – iшкi мәдени код ретiнде байқалады.

Нелли Бубенiң қазақ мәдениетi мен руханилығының мәнiне терең және органикалық бойлауы таңқаларлық. Оның шығармашылығында бай дала мәдениетiнiң дәстүрлерi бiрегей түрде нақышталады, онда адамгершiлiк аясында көрiнiс беретiн ерекше реализм есе болған жоғарғы руханилық орын алған. Бiрақ олардың бәрi өзiнiң ең жоғарғы iске асуын өнерден табады. «Жылнама», «Шебер әйелдер», «Үйлену керуенi» және т.б. шығармаларда адамгершiлiк және дiни бастаулардың, рационалдылық пен көркемдiлiктiң синтезi көрiнiс бередi, руханми және материалдық әлемдер бiрiгедi. Оның «Ұлы Жiбек жолы» шынайы әсер қалдырады. Адам өмiрi мен көркем шығармашылығының мағынасы мен мақсатын бiлу жақсылық, әсемдiк және ақиқаттың бiрлiгiн түсiнусiз мүмкiн емес. Мiне, суретшiнiң сенiмi осындай.

Суретшiлердi қоршаған ортаны бейнелеуде тек қана реалистiк үрдісте болуға мiндеттеуге негiз жоқ. Өзiндiк стильдi таңдау көптеген субъективтi және объективтi факторлармен байланысты

Кейбiр суретшiлер декоративтi әсемдiк эффектiсiне жетуге ұмтылады. Мiне сондықтан картинаның түгел бетiн жабатын өрнектер мен кескiндемелiк детальдарға толы суреттер дүниеге келедi. Ал басқаларында, керiсiнше, стиль барынша қатаң, фигуралар үш өлшемдi кеңiстiкке берiк орнықан.

Өмiрбек Жұбаниязовтың, Бейсебек Ақанаевтiң, Қазыбек Әжiбековтың кескiндемелерi бай, Инесса Заузенг, Николай Газеев жұмыстары экспрессивтi, Нұрлан Қилыбаевтың бейнелерi декоративтi көмкерiлген және поэтикалық кейiпте, Алпысбай Қазғұловтың пейзаждары терең және тылсым, Мейiржан Нұрғожинның жұмыстарынан нәзiк лиризм және жылылық сезiледi. Талғат Ысқақов Ұлы даланы жырлайды, Шыңғыс Ноғайбаев графикалық парақтары юмор мен мысқылға толы. Ералы Оспанұлының графикасы тартымдылығы сақтардың аң стилiнiң экспрессиясы мен ежелгi түркiлердiң тас мүсiндерiнiң статикасының диалектикалық бiрлiгiнде жатыр[4,10б.].

Мүсiн қорының көп бөлiгiн тарихи тұлғалар мен замандастар бейнесi алып жатыр. Көтерiңкi мәнерлi сипаттағы тұлғаларды iздестiрген осы буынның мүсiншiлерi Т. Досмағамбетов, О. Прокопьева, Е. Сергебаевтар өз



шығармашылықтарында бейнелердің дәлмедәлдігінен зор бейнелілік пен көптанбалылыққа ойысады. Е. Мергенов жалпыадамгершілік мәнінің формуласын символ ұғымына сыйғызады. Неғұрлым жаңа пластикалық тілмен бейнеленген ұлттық терең түсінікті іздеуге ұмтылу қылқалам шеберінің шығармашылық жолының басында-ақ анық болған.

XX ғасырдың басы–XXI ғасырдың басы Қазақстандағы көркемсурет процестерінің жаңа ағымын ала келді. суретшінің ізденіске деген қарымы мен аңыз-әфсаналарды бейнелеуі 1990 жылдар өнерінде басты белгі болып қалыптасады. Шеберлердің дерексіздікке қызығушылығы артып, олардың фантазмогориялық санасы белгілер образдарымен әсерленеді. Туындының негізгі ойын нақтырақ көрсету барысында түрлі сипаттау амалдары сақталған[5].

Болатбаев Қ.К. «Мәдени мұраның мамандық даярлаудағы маңызы» атты Астанада өткен конференциядағы баяндамасында былай деген: «Бейнелеу өнері сонымен қатар өсіп келе жатқан жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген махаббатын оятуына үлкен үлесі бар. Бейнелеу өнері арқылы жеріміздің қандай көркем, қарасаң көз тоймастай сұлу, бай екендігін көреміз».

Міржақып Дулатов айтқандай: “Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді”, - деген көзқарасты ұстанып, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысайық.

